

Q
K

тырар
іманханасы


Құлбек Ергөбек

АРЫСТАР МЕН
АФЫСТАР



Құлбек Ерғөбек

АРЫСТАР МЕН АҒЫСТАР



Алтанишы кітап



ТҰРАН

ББК 83.3 Каз
Е 65

Ергөбек К.
Е 65 Арыстар мен ағыстар. –Түркістан, 2006 ж. 6-кітап – 3666.

ISBN 9965-840-22-9

Әдебиет сыншысы, ғалым Құлбек Ергөбек «Арыстар мен Ағыстар» атап, тақырыптық сын кітаптарын жазып келе жатқаны көзқарақты оқырманға мәлім. Аталмыш тақырыптық сын еңбегінің бірінші кітабы түгелімен қазақ поэзиясының, екінші кітабы қазақ прозасының, үшінші кітабы қазақ балалар әдебиетінің, төртінші кітабы қазақ әдебиеттану, сын жанрының жай-күйін, бесінші кітабы – жазушының шығармашылық шеберханасы (лаборатория) мәселесін карастыратын.

Сол дәстүр аясында туған «Арыстар мен Ағыстардың» алтыншы кітабы қазақ мемуаристикасы, деректі, ғұмырнамалық прозаның, эпистолярлық жанрдың өріс-өркені, табиғат-тағдыры жайында.

ББК 83.3 Каз

Е 4603020000
00(05)-07

Б.М.Сапарбаевқа!
Автор



ЖЫРҒА БЕРГІСІЗ СЫРЛАР

**(Сыншы ғалым Қ.Ергөбектің
«Баянғұмыр» кітабы жайында)**

Әдебиет көкжиегінде тәбе көрсеткен жаңалықтар, жаңа үрдістер жылдаپ, он жылдаپ тілге тиек болмай, сүр қалпында жататыны жасыруға ынғайсыз фактілердің бірі. Мәселен, баллада қазақ поэзиясында сонау Сұлтанмахмұттың «Бір адамға» және Қалмақан Әбдіқадыровтың «Гранат» сияқты тырнақалды тәжірбиелерін есептемегендеге соғыс жылдарында шаң көрсете бастап, майдан жылдарынан соң қауырт қаптамаса да, қатары қалыңдағанына қарамастан сексенінші жылдар басында ғана ғылыми диссертацияға алғаш рет арқау болуы біздің жоғарыдағы пікірімізді уәждей алса керек... Сонеттеріміздің қазіргі көркемдік деңгейі кең көлемде сірә байыпты сөз болып көрді ме осы?

Сыншы Құлбек Ергөбек көкжиекте енді ғана көріне бастаған құбылысқа көз тігеді, жаңалық болашағына үміт арта, жақсының қолтығынан демегендей эстетикалық қолқабысын ұсынады. Ғұмырнамалық деректі проза туындылары туралы тұңғыш рет 1986 жылы бірінші болып пікір білдірді. «Өнегелі өмір» өрісі қандай?» атты зерттемесі және «Ғұмырнамалық проза және кейіпкер парасаты». Бұлар жас ғалымның жаңалық іздегіштігінің ғана куәсі емес, жаңашылдығының куәсі.

«Баянғұмыр» сын мақалалар кітабына /Жазушы, 1991ж/ үнілсек, соған көз жеткіземіз. Автор ғұмырнамалық шығармалар жайында ғана емес, сонымен қатар сан салалы әдебиетімізге әлі дендер кіріп, әрі армансыз әрленіп үлгермей жатқан жанрларды – естелік, күнделік, эпистолярлық нұсқалар және эссе табиғатын, солардың теориялық аспектісін, практикалық көрінісін біліктілікпен әрі бірінші мэрте зерттеп, зерделеген. Кітаптың хұсни күндылығы да осында. Бұл тарау – «Өмір өнегесі» деп аталса, екінші бөлім «Тағдырлар өнегесінде» жеке қаламгерлер тағдыры мен шығармашылығы

сөз болады. Құлбек өзі талдаپ отырған туындылардың көркемдік құнар-шырының дәмкер (дегустатор) секілді қисайтпай, кібіртіксіз айыра білетіндігімен өз оқырмандарын ойланта баурайды...

К.Ергөбек не жөнінде, кім жөнінде жазса да, біліп жазады, білмей сөйлемейді. Ол үшін сыншы ғалым көзін тіккен объектісін жан-жакты, әр қырынан зерттеп тануға жалықпайтыны жазғандарынан анық байқалып отырады. Ол шығармасы жайында да, шығармашы жайында да неғұрлым көбірек, неғұрлым жітірек танып, танығанынан ой қорытып, тұжырым – түйіндерінің сөлін ғана ұсынатын сияқтанады. Жалпы эрудициясы мен ой өрісінің биіктігі, білімдарлығы автор көзқарасының көкжиегін кеңіте түсетініне күә болатынымыздай. Құлбек құжат, факті тілімен нақты сөйлейді. Мәселен, деректі туындылардың бүгінгі биігінен сөз қозғағанда әр автордың азаматтық, шығармашылық ғұмыр баянымен астастыра талдауы соның айғагы. Немесе әкім Ораз Жандосовтың ақын Ілияс Жансұгіров өлеңдерін жатқа көп білгендей факті. Эйтпесе, Қазақстанда қастерленбей қаламнан қағыс қалып жүрген Нәзір, Абдолла, Садықбек ағалар өмір жолынан Өзбекстанда диссертациялар қорғалуы шалқаңдан түсірердей өткір уәж..

Өзі талдаپ, толғап отырған пәнінің табиғатына бойлап, зерделегендегі автордың теориялық тұжырымдары, пайымдаулары ғылыми берік, әдеби қисынды әрі тың бол келеді. Сол арқылы оқырмандардың эстетикалық талғамын тәрбиелейді, жетілдіреді, байытады. Бір ғана күнделік жанрына қатысты түйіндеулерінен үзінділер келтірелік. Бұлардың дені нақыл-анықтама екендігіне де назар аудармай өте алмаймыз: «Күнделік –зерек көңілдің, ой тереңінің інжуін тере білу», «Ой қайнары-күнделік», «Күнделік - әдебиет үлгісі. Әдебиет үлгісі болғанда айта беретін мемуардың ішкі бір жанрлық бұтағы», «Күнделік – мынау тіршілік-ғаламға бір кісінің көзімен қарау, бір кісінің дүниетанымымен безбендеу ғой. Осындай ерекшелігімен

де күнделік жалпы емес, жалқы мінезді жазба», «Күнделік – кісінің ғұмыры жеткен жерде ақталады. Дұрысы, күнделік көбіне аяқталмай қалады. Өйткені кісі өлерін алдын-ала болжап біле бермейді ғой. Оның үстіне жарық дүниеге келген әрбір пендे алғы күннен үміт етіп, тіршілік кешеді. Күнделік те - иесін алғы күнге жетелейтін, жарық дүниемен жалғастыратын алтын арқау секілді нәрсе болса керек. Сөйтеп тұра, әрбір жазушының күнделігіндегі соңғы ой, соңғы сөйлем, сөзді оқыр ма еді? Бұл ретте де күнделік - жазушы тағдырының күәлігіне айналады.

Жазушы, ғалым, сыншы өмірінің соңғы сағаттарының қалай соққанына да күәлік жасайтын күнделіктер.» Бір ғана күнделікке автор қашама анықтама берген, осыларға қарап-ақ аталмыш жанрдың мән-мағынасын, өзгешелігі мен ерекшеліктерін ажыратып, айыруға болмай ма? Құлбек Ергебектің теориялық тұжырымдарының интеллектуалдық деңгей-дәрежесі міне осындай жоғары, асқаралы! Өндіріс, өнеркәсіп тілімен айтсақ, «дүние жүзілік стандарт» деңгейінде десек, шындықтан шалғай кетпеспіз! Барды бар деуге батылдық не керек?!

Эссе, естелік, ғұмырнамалық проза, эпистолярлық жанр, яғни хат жайында ұсынған Құлбектің ғылыми анықтамалары ырзалық тудырады. Эр жанрга қатысты көркемік өз өлшемін сайлайды, биік-биік талаптар қояды. Оларды қайталап орын алдырып, оқырман уақытына қол сұқпай-ақ қоялық.

Қ.Ергебек зерттеулерінің теориялық қасиеті автордың ғалымдығына күмәнсіз күәліктей! Филология ғылымының кандидаты атанбай тұрып-ақ жазылған «Баянғұмыр» кітабы - білімдарлық жемісі. Бұл – кітаптың бірінші қасиеті болса, екіншісі- бәлкім, Құлбек еңбектерінің басты қасиеті - өзгені қайталамайтын өз позициясы, ешкімдікіне ұқсамайтын төл тенденциясы барлығы, өз көзқарасының айқындығы, шыншылдығы.

«Өз халқының жамандығын көре білмеген жақсылығын да парықтай білмесе керек. Өзінің терісін танымаған кісі өзгенің оң ісін бағалап қай ондырады? Біздің халық данқ сүйеді, мансап үшін күйеді, атаққа бас иғіш, ғылым үшін айттысуға жоқ, жеке басының ісі, мұддесі үшін бірін-бірі орга жығуға бар халық қой. Әсіресе, интеллигенция, әсіресе ғылыми орта, әсіресе жазушылық орта... Ал ондай жерде, теңгерменешілікке жол берілген жерде асыл жасымай, жасық асылға таңылмай тұра ма, сірә?! Ондай жерде еңбегі жоғы – бар, еңбегі бары – жоқ болып көріну, біреу бейнетін кешу, екінші біреу зейнетін көру – қалыпты жағдайға айналады. Қазақ ғылымы атақты адамдарға кенде емес. Қазақ ғылымы қай уақытта да шын ғалымдарға кенде» - дейді Құлбек.

Әлдекімдерге әдептен озынқыраған сөз-түйін, асырып айтқан астамдау пікір болып көрінуі ықтимал мұның. Эйтсе де, жаны ашығандықтан туған жұртының жанына батыра айту деп осындай беттілікті, осындай өткірлікті, осындай шындықты атایмыз! Кімді болсын ойлантуға мәжбүр еткен сөз (қызыл бұрышы көpteу болса да мейлі) көптің пайдасына шығады!

Мәймөнкесіз сөйлеу – мықтылық нышаны, біліктік жемісі! Осы қасиет, құдайға шүкір, Құлбекте бар! Мәселен «Эссе табиғаты» атты зертеуінде Қ.Ергебек жетпісінші жылдар басында жаңа тәбе көрсете бастаған жанр туралы толғанады. Т.Кәкішевтің «Садак», С.Шаймерденовтың «Ағалардың алақаны», Ә.Нұршайықовтың «Автопортрет», М.Әлімбаевтың «Көніл күнделігінен» атты эссе кітаптарының күнгей беттерін көніл көрегендігімен, ғалым парасатымен кемел талдаған Құлбек сол басылымдардың солғын, олқы тұстарын, кейде тіпті қонымсыз – ерсілеу селкеулерін алдағы ағаларым өкпелер деп іркілмей, бадырайтып - ақ көрсеткені уәжді – маған ұнады... Сыналғанның бірі өзім бола тұра, сыздана, тулай қоймадым: неге десеніз, әдебиеткер өзі: «Расында да ақ сөйлесең –

**атаңың да мінін айтуға болады ғой, тәйірі» - депті.
Сонысы жөн позиция! Көпке керегі де сол!**

Катла қалып, сіреспе стиль соктағынан, мәнсіз машиқтар, әсіресе парасат – пайымы пәстіктен арылмаған сынни мақалалар әбден тойдырып, ығыр болған оқырман «бишаралар» газет-журналдардағы пікірлерді оқуға қорғана кіріседі: «Тағы да тас шайнағандай болмаймын, ба екен?...» Міне осындай жағдайда оқысан, жетпіс жылдан астам уақытта жер бауырлаған, сағы сына жаздаған елдігіміздің туы жығылмауын ойлаған, қауіп-қатерден қаймықпаған қайсар азаматтар болғанын шешіле шерткен, шынышыл сырлар шебер кестеленуімен бізді қызықтырады-ақ, бойымыздағы қазак қаным қыздырады-ақ! К.Ергебектің **«Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы»** («Қайран да, қайран Бейсекен...») деп аталған эссеңі табанды азамат, ақиқатшылғалым Бейсембай Кенжебаевтың рухани бес ерлігін тебірене шертуі ездердің өзін де енжар қалдырmas шығар деймін. Өйткені азаматтық тағылым айтарлықтай екен!

Немесе **«Күбылдың сокқан замана желі-ай...»** деп аталатын зерделі зерттеуі (көп жылғы ізденіс қорытындысында) Сәбит Мұқановтай алып жазушының азаматтық, қаламгерлік жемісті асқарларын қандай деп тауып сараласа, әділ бағаласа, сонымен қатар «Тарих белендерінен мынай қоғам адасып барып өтсе, Сәбен де солай адасып барып өтті», «Адастырған-уақыт. Адастырған – үкімет пен партия басшылары» - деп аңы ақиқатты ашық айтса, әрине, автор қара қылды қақ жаруымен оқырманды үйітады... Тоталитаризм үстемдігі өз кезінде тегеурінді таланттардың өзін де шырмап шатастырғаны қандай өкінішті, соның салдары кейінгілерге де ызғарын тигізуде: бүгінгі буынды өзара айтыстыруда... Өткеннің оң – солын анықтау қазір бізге оңайға түсіп жатқан жоқ...

«Баянғұмыр» бірқыдыру мәселені қамтыған. Әрбір әдеби «Обектіні, әрбір творчествоны ғайыптан қолға түскен сандыққа, жабулы сандыққа теңесек, соның әрқайсысына

сырттан кеп, өзіне ғана сай келетін сиқырлы кілтін табу жүлдіздының сыбағасы емес, тапқырдың жөне шебердің шаруасы. Ал Қ. Ергебек сондай кілттерді табады-ак." Неге десеніз: «Творчество тәсілдеріне үйрене алмайсын. Эр өнерпаздың өз тәсілдері болады» (И.А.Гончаров). «Баянғұмыр» кітабына енген он екі зерттеудің бәрінің де сырлығ сандығын өз кілтімен ашып, сырдан шашу шаңқан авторға оқырмандар «Е, бәрекелді!» - дейді.

Кітаптың күнділігіна күә болар тағы бір қыры бар. Жүрғышылық үшін тосын, әрі терең мазмұнды ой-толғаныстардың ара-кідік жұп-жұмыр нақыл болып нақышталуы, әр материалға мәйек бітіреді, оқығанның жадында қалады. «Ізгілік – қашанда сәби, қашанда аяулы», «...жалған жалтырау мен барымен жарқырау арасын тарих-таразы безбендейді», «Қашанда саясаттың қолы ұзын. Саясаттың курығы да ұзын» «Тұзу жол – тағдыр емес. Тағдыр- адасу мен тұра жөлды табудан яки ұдайға ізденістен тұрады. Ізденбеген адам ғана адаспайды. Ізденген әрбір адамның адасуы – табиғи». (Бұларды нақылдар шоғыры десек те сиымды). «Эдебиет – қашанда мінез...»

Эрине, Қ.Ергебектің осылайша түйіп, түйіндең, тығыз айта білуі үстіне, бейнелі қалам сілтесі, сөз бастьарын өзінше байлауы, ойларын ұтымды жеткізіп, өтімділігін қарастыруы оқырманды еліктіріп отырады. Мәселен, С.Мұқановтың Мәскеуде оқып жүріп, өзге үлкен қаламгерлер мен оқымыстылардан үйренуі жайында баяндай келіп, санаулы сөздермен көп мағына андатуы менің әлгі сезіміме уәж болардай деталь: «Дарынын біліммен жемдеп, жебеп, ой-өрісін кеңітті...». «Біліммен жемдеп» деген сөз байламы біздің қазакы шаруақорлықтан туғаны аян. Жалпы Құлбек өзінің кейбір ұстаздарынан гөрі тілдірек, өрнекті сөйлейтін әдебиеткер екенін жиі-жиі танытуда. Мен өз басым қаралмыш кітаптан шалыстау-қиғаштау қолданылған сөздердің үш-төртеуін ғана көзіктірдім. Мәселен «шінара»

емес, дұрысы – «ішінара». «Сыр жару» тіркесі құлакқа қатқыл. «Тоспа құлақ бол тәрбие менген» тіркесіндегі «тоспа» дәл емес. «Күрең қабактанып жарасып» деуі ерсі. Бұлар бірін-бірі сыртқа гебетін үзім іар. Академик І. Кенесбаевтың «Қазақ тілінің гүсіндерін сөздігінде» «күрең қабак болды /қабакbastы ұрыс / ренжісті» - деп түсіндірілген.

Еңбектеріне ат қоюда да К.Ергебек өрекше ізденетінін байқатады. «Өнегелі өмірі е» кен өріс» - ғақырыпша аты. Сөз астарына ұңілсен, таяуда ғана тобе корсеткен жанрмен бірге бүкіл өмірге, тіршілікке кен өріс тілеп отырғандай ойланады. «Қайырымсыз уақыттын кайсар ұланы». Зерттеудің атынан-ақ заманға баға беру, азаматтық ірлігін тану танылып тұр. «Құбылып соқкан замана желі-ай...». «Дүние бір қисық жол бұрандаған...» мұның да айтары аз емесін емеурінмен-ақ аңғартқандай. Қала берді «Баянғұмыр» деген кітап атауы да көп жүк көтерген. Эрі ғұмыр, әрі баяндылық – бұл зерттелген туындылардың зерлері тозбас дүниелер, халқы кәдесіне қалтқысыз жарағандар дегенге де мегзейтіндей...

Корыта айтқанда «Баянғұмыр» атты кітаптағы зерттеулер жырға бергісіз сырлар, жырдай жүрдек оқылып жүрек жылтыттын, жан дүниеңе жарық шұғыла сыйлар куаты бар, оқырманды ойларға жетелейтін жетелі туындылар. Автор әдебиеттанудағы ақын бол сөйлейді.

Көпке еңбегімен кең танылып келе жатқан ғалым сыншы, талантты әдебиеткер Құлбек Ергебектің «Баянғұмыр» кітабының паркы Қазақстан Жазушылар одағы «АЛАШ» сыйлығына әбден арзитыны шубә келтіре қоймас дейміз. Кітаптың өзекті идеясы – елдігіміз туын жоғары көтерісе беру!

Мұзафар Әлімбаев
ақын, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

І БӨЛІМ

АРЫСТАР

ҚАЙРАН Да, ҚАЙРАН БЕЙСЕКЕҢ! (Ұлы рухпен сырласу)

Жақында Жерорта тенізі жағалауында демалған жайым бар. Тамыры бір, туыс түрік елі дегенмен сыртқа шықтың-ақ тұған ел, тұған жер есіне түсіп, өз еліңің өсіп-өркендеуі жолын ойша шолып, өзің де іштей есеп беріп ойға шомып жатқаныңды білмей де қаласың. Осындай күннің бірінде, дұрысы түннің ішінде қазақ түркологиясы басында тұрған, ұлт әдебиеті тарихын «Түрік қағанаты» дәуіріне дейін терендеткен ұлы оқымысты Бейсембай Кенжебайұлы түсіме енсе бола ма?! Жарықтың желеп-жебеуі шығар, сырт елде жүргенде! Тұр-келбеті ренжуулі секілді де көрінді. Неге? Әйтеуір, солай болды. Ұйқысы қашқан мен әкемдей болған өзіз адам рухымен сырласа жөнелгенімді білмей де қалдым.

Кеңестік кезеңде туып, коммунистік режим тәрбиесін алған біздер «бұ дүние» мен «о дүние», «жалған дүние» мен «бақылыш дүние» ара-қатынасын дінтану еңбектерінен ғана оқып білдік емес пе?! Сондықтан ол кісінің ренішті кейпін тіршілігінде көрген қиянатына жорырымды, әлде «о дүниеде» жағдайы болмай жүрге баларымды біле алмадым. Әйтеуір, ұлы рухпен сырласып қоя бердім. Кейде үнім де шығып кетті. Сырласуым ақталу ма, арылу ма, әйтеуір дәрменсіздеу бірдене болып шықты.

Аса қадірлі Бейсеке-деймін мен, «аса қадірлі» сөзінің арзандап кеткенін де ескермей, аса қадірлі Бейсеке, Сіз неге ренжисіз? Өзіңіз ойланызышы, еліңіз аман, жеріңіз тыныш, ғұмыр бойы армандаған тәуелсіздікті алдық. Өзіңіз де көрдіңіз ғой. А-а, тәуелсіздік алғанымызды көрген жоқсыз. Бірак,

жұлтоқсан оқиғасын көріп, - тәуелсіздік аларымызға сеніп аттанғандай едіңіз ғой о дүниеге! Тіпті өмір бойы армандаған Орхон-Енисей ойма жазуларына тағзым етіп, Құлтегін ескерткіші көшірмесін, Еуроазия университеті ауласына әкеліп тас тұғырға орнатты ғой ой-парасаты биік жандар. Одан артық не керек, Сізге? О дүниеге арлы өлім, таза рухтан, бағыштай оқылған құраннан өзге ештеңде де керегі жоқ десетін еді ғой. О дүниені былай қойғанда, Сіз баянсыз мынау жалған дүниеде байлыққа бой алдырмаған, аярлық арамдыққа аяқ шалдырмаған жан едіңіз ғой. Енді, неге ренжулісіз, аяулы аға? Бұгінмен ғана тыныстап, бұгінмен ғана ғұмыр кешетін пендедей бәрін бүгінгі күннен бастаппын-ау, жә, бәрін басынан бастайыншы бар болғырды.

- Арғы тегіміз жаугершілікте қолға тұскен башқұрт екен, - деп әңгіме сабактайдын едіңіз. Ойбай айтпаңыз, - деп шыр ете қалатын едім мен – Қартайғанда Ғабен тұркпен, Сіз башқұрт болып, біз әдебиеттің бар қаймағынан айырылып қалар жағдайымыз жоқ.

- Е, онда тұрған не бар екен, Сұлтанмахмұт айтқандай бәріміз бір тұріктің баласымыз ғой. Тарылғаннан, бөлінгеннен пайда табар болса қазақ алдына жан садмас еді ғой. Сондықтан да біздің ағайындар менің бала кезіме дейін «Эстек» деп аталатын. «Эстек» башқұрттың бір аты. Башқұрттар ертеде жауынгер халық болған. Айналасына өте ықпалды. Бәлкім «башқұрт» аталуы да содан шығар. «Құрт» - қасқыр, «баш» - бас. Демек, қасқыр текті тұріктердің басы деген сөз. Тұрік көк бөріден тарайды ғой. Өзің білетін Лев Николаевич (Гумилев) мұны қаузап көп жазған...

Өмір жолы жайлы әңгіменізді осылай сабактар едіңіз. Ал, менің білетінім - Сіздің көкірегіңіз «қазақ қайтсе ел болады?», «Азаматтық тарихымыз «Тұрік қағанатынан» неге сабакталмайды?», «Ұлт әдебиетіміздің тарихы неге «Орхон-Енисей» «ойма жазуынан неге басталмайды?» деген сұрақтарға толы шер-шемен болып өткені. Менің білетінім – Сіздің жүргегіңіз қашанда қазақ деп соққаны. Қазақтың әр бір

перзенті өз ұлты жайында Сізше ойланғанда ғой, шіркін?! Кешегі кеңестік кезенде коммунистік идеологияға ішін алдырмаған азын-аулақ азғантай адамның бірі болдыңыз. Көз көргендік раймен Алаш рухы азбаса деп армандал, қазак қайтсе ел болады деп зарлаумен өттіңіз.

Біз қайраткерлікті қызмет, мансаппен өлшейтін түсінігі түсініксіз ұрпақпаз. Министр дәрежесіне жетті-ақ «қоғам және мемлекет қайраткері» деп шыға келеміз. Ертеректе ұлты қазак бола тұра өзі орыс болып жазылған бір азаматты да білеміз. Көзі тірісінде оны да қайраткер деп аспандатып, атынан Құрманғазы туралы мақала (марқұм Қ.Нұрмаханов жазған), Қазак ССР-і мәдениеті туралы кітап жазып беріп өуреге түскенбіз. Асылы, адам мансапты қызметімен емес, өз ұлтына, өз мемлекетіне сінірген ақ ой, адал қызметімен қайраткер атанса жарасым. Сіз мансапқа қызынбадыңыз. Бар саналы ғұмырды ғылымға бағыштадыңыз. Шәкірттеріңіздің де солай ойлауын қаладыңыз. Рымғали мен Мұхтарға «ғылым жасап алмай тұрып үйленіп қоймандар», Алмаға «қарағым тұрмысқа шыға көрме»-деп құдайдың зарын қылар едіңіз. Өзіңіз жақсы көретін шәкіртіңіз Мырзатай Жолдасбеков I.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына ректор болып тағайындалған күні куана құттықтау орнына қаныңызды ішіңізге тарта қуарып «тағы бір ғалым өлді, тарихқа баруға зор мүмкіндігі бар бір ғалым тоқтады»-дедіңіз ауыр күрсініп. «Бағы жансын, қайтейін» – дедіңіз іле-шала. Шәкіртіңізге деген жаман тілеумен айтқан жоқсыз, әрине. Қашанғыдай тарихқа, ғылымға адалдықпен айттыңыз. Сіз қайраткер ойдың адамы, қайраткер ойдың ғалымы едіңіз.

Кеңес өкіметіне бір иліксе – Сіз илігуіңіз керек еді. Неге? Әйткені Сізді жетім тағдырдан жетілген тағдырға жеткізген Кеңес өкіметі. Мына жайға қараңыз. Есіңізді білер-білмес сәби шағыңызда аяулы анаңыз көз жұмды. Әкеңіз біреудің қызын алу үшін кәмелетке әлі толмаған Айнаш әпкенізді бәленбайыншы токалдыққа бай кісіге берді. Ордабасы тауын

айнала, күнде жиын өткен Күлтөбені жалаңаяқ жар кешіп Малдыбек байдың малын бақтыңыз. Бұл кәсіптен баян болмасын сезіп, әрі аштық қинап Арысқа жаяу қаштыңыз. Арыстан Ташкент астыңыз. Ол кезде «Ташкент – наңды қала» атанар еді. Бірақ, көшеде жатқан нан бар ма? Тағы да өзбек байға жалдандыңыз. «Өзбек байыса үй салады». Қалыш арқалап, кесек (кірпіш) құйдыңыз. Жер шауып, егісін ектіңіз, бақша күттіңіз. Байдың балаусан қызы Зухра балалық бейілмен Сізге қызыға қарайтын. Сіз де байдың қызына әлдебір түсініксіз түйсікпен тесіле үзіле қарайсыз. Сондай күннің бірінде Сіз сүзекпен сырқаттанып, дерте мендеп құладыңыз. Ешкімге керегі жоқ қазақ баласы өзбек бақшалығында қиналып жатты. Тек Зухра ғана қайнаған шөп тамырын аузыңызға тосты. Әупірім-тәнірмен аман қалдыңыз. Күндіз-түні шеккен бейнеттен баз кешіп, қашып көшеге шығып кеттіңіз. Кетіп бара жатып Зухраны құшақтаң бір сүйдіңіз. Алма беті жәудіреп Зухра қалды. Кезбе атанып Сіз кеттіңіз көше аралап. Ол жылдары Ташкент көшелерінде теңкиіп өліп жатар қазақтар аз емес еді. Ол жылдары Ташкент көшелерінде ұрлықты кәсіп еткен кезбе балалар аз емес еді. Сіз де сондай тобыр топқа қосылдыңыз. Аштық қысқан балалардың андығаны – базар. Баукеспе балалардан базардағылар азар. Жамау-жыртық киімді балалар базардың бір жағынан дуылдата кіріп, қолына ілінгенін алғып екінші жағынан шуылдата шығады. Бір-біріне арамдық жасамайды. Қолдарына не ілінсе шып-шырғысын шығармай ортаға салады. Қылдай бөліп жейді. Тағдыр тар кезенде жолықтырган жандар арасындағы жазылмаған зан, жан бағу...

Осындай күннің бірінде жадау-жалпы балалар жастардың жалынды жетекшісі Фани Мұратбаевтың қолына түсті. Фани Мұратбаев, Садықбек Сапарбеков, Әбдікерім Ақбаев кезбе балаларды үгіттеп №4 балалар үйіне алғып келді. Сау-тамтығы қалмаған киімдерін сипарып алғып, өртеп жіберді. Кір-қожалақ өздерін моншаға түсірді. Су жаңа киім берді. Міне, осы сәттен бастап Сіздің бағыңыз ашылды.

Соған қарамастан Сіз Кенес үкіметіне бар жан-тәнінізбен берілмедіңіз. Оның да өзіндік себептері бар еді. Оны біз енді біліп жүрміз.

Сіз әдебиеттануға Абай жайындағы 1925 жылғы тегеурінді мақалаңызбен келип ендініз. Мақалаңыздың уақытында әдеби ортада қаншалықты ролі болғанын айтып та, жазып та келемін. И.В.Сталин атындағы күншығыс еңбекшілері коммунистік университеті студенті жазған мақала Мәскеуде – Мажжандай ұлы ақын, шынайы үстазды, Қазақстанда – Бейімбеттей қара сөз үстасынан тартып, әдебиетті тапқа бөлмей қарайтын жандарды қуанышқа кенелтті. Ал, тапшыл азын-аулакты ақ көз ашуға міндерді.

Содан кейін де Сіз абайтануға әрдәйім араласып, атсалысын отырдыңыз. Тіпті 1945 жылы ұлы абайтанушы Мұхтар Әуезовпен тізе қосып, қос авторлықта, қазақша-орынша қос тілде Абай жайында кітап жаздыңыз. Ұлы ақын өмір жолынан тартып мәтін тануына (текстологиясы) дейін араласып, қалам тербедіңіз.

Өзінізді коса айтқанда, аға буынның ілкімді қимылы дәстүр түзіп, бұл күнде абайтану іргелі ғылымға айналды. Өзініз Қаз МУ-ге тартып оқытқан, М.О.Әуезовтің қарсылығына қарамай, абайтануға баулыған, Санкт-Петербургта С.Е.Маловқа айтып аспирантураға орналастыратын, аяқталар жылында аспирантура тарап, мүшкіл хал кешетін сәтте ақшалай қаржыландыратын, диссертация қорғау сәтінде арнайы ұшып барып, жолдастық раймен Жирмунскийге жолығып студент керуетіне жатып қорғатып алғып қайтқан Зәкиніз (Ахметов) абайтануды бір биікке көтеріп, өзі де бір биікке айналып, дүние салды. “Абай шәкірттері” үшін абақтыға қамалып, итжеккенге айдалған, қайтып оралғанда, Менжамал анамыз екеуініз алдынан дәм ала шығып, елімен елдестіретін Қайым Мұханбетханов досының да жоқ, мынау жалғанда. Алғашқы адымын абайтану тарихын зерттеуден бастаған Мекемтас Мырзахметов інініз де бүгінде шау тартты. Абайшыл тұбітиек Тұрсын Жұртбаевтың

сақалы қауқиды, Гарифолла Есім елеулі еңбек үстінде. Ұлы ақын басын әруалуан ілім, түрлі дінге апарып тықпалап жүргендер де бар. Қалай дегенде де өзініз 20-шы жылдары арашалайтын “даулы” Абай – бұл күнде абайтану аталатын іргелі ілімге айналды. Қазак өзін қадірлесе – Абайын қастерлеріне күмән жок. Қам жемесеніз де болады. Сіздер бастаған іс бұя күнде арналы дәстүрге айналды..

Отызыныңы жылдары Сіз Абайдан кейінгі асқар беліміз – Сұлтанмахмұтты тану, танытуымен шұғылдандыныз. Қазак әдебиеті көгіне жарқ етіп көтеріліп, аз тұрып, ағып түскен Сұлтанмахмұт жайында алғаш қалам тербеген жан – Бернияз Көлеев. Онан соң – жампоз жазушы Жұсіпбек Аймауытұлы! Бір өнірде туып, қатар жасаған Жұсіпбектің бұл саладағы басты еңбегі - өмірден қыршын өткен ақынның шашылып қалған әдеби мұрасын жинақтап, алғысөзін жазып, кітабын дайындағаны. Бір өкініші – Ж.Аймауытұлы ұсталып, атылып кетті де, ақын жинағы Сәбит Мұқанұлы алғысөзімен жарық көрді. Бір қуанышы – Жұсекен түзген ақын өмірбаяны кітапта авторсыз жарияланды. Міне, осы бір алғы әрекеттерден кейінгі бұл саладағы бар маңызды іс-шара Сіздің атыңызben байланысты.

Сіз – ақынның ғылыми өмірбаянын түзушісіз.

Сіз – ақынның әдеби мұрасын жинақтап, хронологиялық түрғыдан жүйелеушісіз.

Сіз - 1941, 1950, 1957, 1962, 1987 жылдары ақын мұрасын мәтіндік сұзгіден өткізіп бір, екі том етіп құрастырып, жарыққа шығарушысыз.

Кандидаттық диссертацияныз – осы асау жүрек ақынға арналды. Сұлтанмахмұт әдеби мұрасын зерттеудегі жетістігіңіз қателікке баланып, 1953 жылы КОКП қатарынан шығарылдыныз, М.Әуезовпен бірге – бір бүйрекпен жұмыстан қылдыныз.

Сіз сұлтанмахмұттануды зерттеу очеркінен маңызды монографияға дейін үластыра жүргіздіңіз. Бұя саладағы әр зерттеуіңіз дау туғыза келді. Әр дау Сіздің басыңызға қатер

туғызар еді. Қыран ғұмырлы ақын басына өлідей үйірілген бұлтты өз басыныңға көшіріп алғып, өзініздің сау басынызды саудаға салумен өттіңіз. “Алаш ұранын” жазған Сұлтанмахмұттай ақын есімі оқулықтардан сырыйлып түсіп қалмай тәуелсіздік күніне аман жетсе – Сіздің жанаямас жанкешті еңбегіңіздің арқасы. Тап осы мәселеде Сізге F.Мұсірепов, Ы.Дүйсенбаев, Н.Жанділдин, С.Сейітов, Т.Әбдірахманов өшіге қарады, жауыға қарсы жұмыс істеді. Сіз ақын жайлы ақиқаттан өзге ештеңеге көнбедіңіз. Ақыр нәтижесінде Сіз сұлтанмахмұттану ілімі негізін салушы, арна тартып, қалыптастырушыға айналдыңыз.

Сіз сұлтанмахмұттану ілімін қалыптастырушы ғана емес, сол ілімнің тарихын зерттеушісіз. “Сұлтанмахмұт Торайғыровты тану, зерттеу мәселелері” аталатын ең соңғы еңбегіңіз міне осының айғағы.

“Асау жүрек” деректі әңгімелеріңіз ақын өмірінен жазылған ғұмырнамалық проза басы.

Сіз “өзім білгенді өзге білмесін” деген аяр ойдан ада, “мен білгенді өзге де білсін, өзімнен кейінгі ұрпақ жалғастырып алып кетсін” –дейтін келешекшіл жан едіңіз. Өзіңіз зерттеген әр дәуір әдебиетіне бір, не біrnеше шәкірт зерттеуші даярлауыңыз сондай кең бейіл ұстаздың көрінісі. Сұлтанмахмұттанудағы абзal ісінізді алға адал жалғап Арап Еспенбетов жүр. Өзіңіз сзып берген бағдармен жүріп **“Сұлтанмахмұт Торайғыров”** аталатын маңызды монография жазды, докторлық диссертация қорғады. Ректорлық қызмет қолбайлау ма, соңғы жылдары Арап шәкіртіңіздің қаламы суып кетті. “Ақын өмірінен осындай бір ғұмырнамалық еңбек жазарсың”-деп маған Венгер классигі Дюла Йиештің **“Шандор Петефи”** аталатын кітабын сыйласп едіңіз. Шығармашылық еңбек берер жаста мансапқорлыққа беріліп кеттім бе, әйтеуір, Сіздің бұл аманатынызды орындаі алмай келемін. С.Торайғырұлы жайында екі-үш мақала жазудан аспадым. Бәлкім, сол үшін ренжіп жүрсіз бе екен? Әйтеуір, түсімде көрген ажарыңыз өкпелеулі...

Сіз журналистік жолды Ташкентте, Фани мен Сара кезектесіп қол қойған “Жас қайраттан” бастаған едіңіз. Одан бері де “Лениншіл жас”, “Социалды Қазақстан”, “Қара шаруа”, “Кеңес туы”, “Оңтүстік Қазақстан”, “СССР Жоғарғы Советі ведомствосы” (Москва) секілді баспасөз басшылығында болдыңыз. Бірді-екілі рет “Қазақ әдебиеті” газетіне бас редактор ретінде қол қойдыңыз. Ол газеттерде Сіз жазған, жариялаған ұлкенді-кішілі мақала көл-көсір. Оларға “Б.К.”, “Бекен”, “Байкенже”, “Қалдыбай” секілді бүркеншік есімдер бергенсіз. Көбі өз атынызben жарияланған. Сіздің журналистік қызметіңіз XX ғасырдың өн бойына созылып жатыр. Уақыт нені талап етті, соны жаздыңыз. Халыққа не керек болды, соны жаздыңыз. Жазу өз алдына, ұжымды үйымдастырып жаздырдыңыз.

Арнайы шәкірт белгілеп осы бағыттағы материалдарынызды жинатқан едім. Мақалаларыныздың біразы әлі маңызын жоймаған. Ал, көбі уақыт талабына жауап беріп, міндетін атқарумен шектелген. Демек, бүгінгі күнге жарамайды. Бетке айтқанға өкпелеменіз.

Сіз журналист қана емессіз. Қазақ журналистикасы теориясы мен тарихын жасаушы жасампаздың бірісіз. “Қазақ баспасөзі тарихынан”, “Қазақ совет баспасөзі”, “Фельетон туралы” өзге де журналистерге жолбасшы боларлық еңбектеріңіз осындай ой топшылауға итермелейді. Қазіргі танда журналистика өзгеріп, түрленіп кетті. Ал, теориясы бәлендей жаңарды дей алмаймын. Тарихы жаңаша түзілмей келеді. Досыныз Х.Бекхожин о дүниеге өзінізден бұрын аттанған. Ал, сүйікті шәкіртіңіз Темірбек Қожакеев жақында дүние салды. Ол Сізге адал шәкірт бола білді. Ендігі рухтарыныз табысып үлгерген шығар. “Асыл адам айнымасы” (Абай) рас болса, арбаның ағаш доңғалағындағы айнималы заманда, Сізге көзіңіздің тірісінде қандай адал болса, сол қалыпты ұстанып өткен жан – шәкіртіңіз Темірбек Қожакеев!

Сіз – үлкен фольклорист едіңіз. Бұл саладағы алғашқы еңбегіңізге ұстазыңыз Мағжан Жұмабайұлы сүйінген. Студент

кезінде жинап, жариялаған, өзара салыстырған “Бармақтай бала” – түрік халықтары фольклорын типологиялық зерттеудің басы екен енді ойлап отырсам. “Кобыланды батыр” жыры жайындағы мақалаңызға ұлы Мұхтар Әуезов “Пәлі, Бешім, мынауың жаңалық”- деп қатты сүйсініпті. “Едіге батыр”- қытымыр қызыл империя ықпалымен түрік дүниесінен ығыстырылып тасталған сэтте жазылған, ерлікке баларлық мақала! Е.Бекмаханов, М.Фабдуллин секілді тұлғалардан тартып қазақ тарихшылары, фольклористері “Едіге батырды” күстаналай жамандап жатқан қызыл науқан тұсында Сіздің табандап тұрып, эпосты қорғауыныз – тірілерді қайдам, Едіге батыр рухы риза болған іс шығар. Кезіндегі жай ғой бұл.

Тәуелсіздікпен бірге “Едіге батыр” да ақталды. Шәкіртіңіз – Оразгүл Нұрмағанбетова құрастыруымен, Рахманқұл Бердібай алғысөзімен “Едіге батыр” үлкен жинақ болып жарық көрді. Мұхтар шәкіртіңіздің Едіге есімді баласы бұл тақырыпта “Едіге батыр” аталатын зерттеу жазып, кандидаттық диссертация корғады. Демек, Сіздің қынқыстау сэтте жазған батыр бейіл мақалаңыз бұл күнде фольклористикада жалғасын тапты, дәстүр түзді.

Фольклористика тарихын сөз ете отырып Абылай хан, Кенесары тұлғаларына тағзым етер едіңіз. Хан-тұлғадан жерінген заманда “Абылай хан” туралы кітап жазып, ерлік жасадыныз. Жарық көрген соң бір-ер жылдан кейін кітабыныз зиянды кітаптар қатарында тәркіленді. Кенесары хакында қолдай мақала жазғаныңызды бір көргіш қазақ көріп, жоғарыға көрсетіп, ақыры Орталық Комитетке кешірім сұрап хат жазып, әупірім-тәнірмен аман қалдыныз. Есесіне, “Шыңғыс хан”, “Абылай хан”, “Кенесары хан” аталатын тарихи үштіктің екі кітабы жазылмай қалды. Жинаған материалдарыныз архивінде сақтаулы. Есесіне М.Сералиннің “Топжарған” поэмасын талдағанда амалсыз, шарасыз коммунистік идеология жетегіне ердіңіз. Кенесарыны сынайтын шығарма деп, жамылшы жасап Сералин

“Топжарғанын” аман алыш қалдыныз. Шыгарма оқулыққа енді, Қенесары есімі ұрпақтар есінде жүрді. Сіздің тарапыныздан кеткен осы бір кемшілікті көзіңіздің тірісінде түзетіп үлгермедіңіз... Оқасы жок, ұрпақтар түсінер...

Сіздің ұлы замандасыныз Мұхтар Әуезовпен достығыныз біреуді сендереді, біреуді сендірмейді. Сенетіндер түсінікті. Сенбейтіндер қын тағдыр кешкен адамның кейінгі дүбірлеген даңқының құлы. Тас тұғырда тұрған ұлы ескерткішті көреді, көтеріп тұрған тас тұғырды көрмейді, ұлы адамның тас тұғырға қалай көтеріліп, ұлы ескерткішке айналу жолын көре алмайды. Өйткені...

Өйткені, олар

Әуезов және Кенжебаев достық кешуі тарих-тағдырын білмейді. Ұлы адамның Сізді өмір бойы “Бешім” деп еркелете атағанын естігісі келмейді. Жарлары Валентина Николаевна мен Минкамал Мұхамедиярқызының бірінің бірі емшектегі балаларын емізіскеңін білмейді олар. Дүние-ғаламға даңқы кеткен “Абай жолы” эпопеясының алғашқы нұсқасы – “Абай” романын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А.Скворцовтың (Қазақстандағы бірінші адам) қарсылығына қарамай, басын бәйгеге тігіп, жарыққа шығарған, кітаптың сүйінші данасын қолына ала отырып “Қазақ өмірінің энциклопедиясы” (Қ.Шаңғытбаев екеуі) атап макала жазған, сөйтіп “Абайдың” жолын ашып, өзінің мансап жолын құрбандыққа шалғанын, “Абайды” жарыққа шығарғанызыз үшін Сізге мансап жолының біржолата жабылғанын бүгінгі жүрт қайдан білсін. Бүгінде жүрттың көбі “Абайшыл”, бүгінде жүрттың көбі Мұқаншыл. Өздері ашқан, өздері тапқан. Бір-ер еңбек беріп, Мұхтартануды, тіпті, Абайтануды өздерінен бастағысы келеді...

Жақында бір досым «Адамзат күнтізбесін» кітап етіп шығарды. Қарап отырсам, қазақ ұлтынан шыққан ұлыларды қайтсем көбейтемін деп тырысқанын байқадым. Бас-басына билікке ұмтылып, алтыбақан алауыз болып Өзіміз қырқысып, бес-он тиын беріп, бұхара халықты қырқыстырығанша «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» Бас-бас,

қол-қол орнында қимылдап, халқымыздан шықкан ұлыларды ұлықтаумен бірге, алғы күнде шығар ұлылыққа қызмет етсекші, шіркін. Ұлылық та, ынтымақ-бірлікке бітетінін неге ұмыта береміз, осы! Сіздің қабырғанызыңға осы жайлар бата ма, аға?

Ағаны-ағалай алмай, ініні саралай алмай қиналып, өзге құрылық қолына өтіп, өзге құрыққа ілініп, қырықпышақ болып кетер ме еken, деп қауіттепесіз бе?

Тарих әлі талай тұлар. Ұрпақ әлі талай алмасар. Дүниеге большевиктік болмыспен қарап, құдайды ұмытып, обып өткісі келетіндер кетер бұл дүниеден. Дүниеге құдайды жүрегіне кіргізіп, ар көзімен қарайтын қанағатшыл ұрпақ келер. Сіздің бұл саладағы ерлікке баларлық еңбегінізді елер. Ең бастысы – Сіздің жанкешті еңбегінізді тарих біледі, тарих бағалайды. Ең бастысы – Мұқан қөзі тірісінде Сізге сенгендей ешкімге сенген емес, Сізді қадірлекендей ешкімді қадірлекен емес. Бұл жалған дүниені былай қойғанда, бақылық ол дүниеде де Мұқанмен бірге жүрген шығарсыздар қадірлі Бейсеке!

Ә, айтқандай, “**Абайды**” жарыққа шығарғаныңыз, “Социалистік Қазақстанда” арнайы мақала жариялағаныңыз үшін Сізді итсілікпелеп ұрсатын, тіпі жерден алып жерге салып жерлейтін қаһар-хатшы Мұхаметжан Эбдіхалықов әлі тірі. Ал, Сұлтанмахмұт үшін сілкінесетін шұбар-хатшы Нұрымбек Жанділдин қаза болғалы біраз жыл. Ол жақта не болып жатқанын қайдан білейік?!

Мұқан демекіші, ұлы Мұхтар Әуезов желең-жебеуімен XX ғасыр басындағы қазак әдебиетін зерттеуді өмірлік мұратыңыздың біріне айналдырыдыңыз. XX ғасыр басы - әдеби әдіс, ағымдар мидай араласқан күрделі кезең. Әлемнің қай шалғайында, жиһан әдебиетінде сондай күбылыш. Шын ғалым табиғатына тән мінезben қазақ әдебиетіндегі осындағы қын кезеңге бардыңыз Әруақтар үшін, әрі Сіз үшін қатты қуанған М.Әуезов желең-жебеушіңіз, ілгері орындарға хат жазып демеушіңіз болды. Осы орайдағы тарихи гүлғаның тарихи хаты архивінде сактаулы. Сізді бұл бір М.Әуезов қана емес,

татар М.Файнулин
Жирмунский, Ә.
Ә.Марғұлан, І.Кенес
зерттелді. Мәскеу. 1999
архивтерінде отырдының салып. Есесіне қызықты
монография туды. Сол жылдары Сіз қолмен көшірген, фотография
түсірген материалдар қазір архивінде.

Тағдырлы ізденістен толайым табысты еңбектер туды. Баянды ізденістен бағалы еңбектер, кенеулі концепциялар туды. Астарлап партия айтқызбайтын ақпараттарды айттыныз, баспалап отырып, баспасөз бетіндегі, архивтегі ұлттық рухты оятарлық мәліметтерді, жарыққа шығардыныз, кейінгі ұрпаққа жеткіздіңіз. Нәтижесінде Сіз – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің бас зерттеушісіне айналдыныз. Әдебиет зерттеу мектебінде қалыптасты.

Еңбегіңіз еш болған жоқ. Тарихтан сыйылып қалар талай тұлға объективті бағалауға түсті. Ұлтты оятуға қызмет еткен талай діни тұлға “діни оянушылық” өкілі ретінде ағартушылық сатыға көтерілді. XX ғасыр басында Алаш ардақтылары “Оян қазақ”, “Тұр қазақ”- деп жырласа. Ақан, Жақандардың көзін көргендік танытып, көрегенділік жасап, “ояну дәуірінің әдебиеті” деп тәспірледіңіз XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін. Діндар деп әдебиеттен ығыстырылған шоғырды “діни оянушылық” деп тұлға тұғырына көтеріп, “Кітаби” атап көртартпа деп таныған екінші шоғырды ағартушы деп шоқтықтандыруыныз сол оянушылық туралы концепцияның жемісі.

Айтуға оңай бұл жайлар жазуға, концепция ретінде орнықтыруға келгенде қынның қыны болатын. Сіздің баққұндастеріңіз Н.Жанділдин, М.Әбдіхалықов, Қ.Бисембиев, Н.А.Скворцов секілді азулы хатшылар, айтулы ғалымдар еді. Сіз бәрін жендіңіз. Сіздің мектебіңіз қалыптасты. Қазір ол мектепте Сіздің шәкірттеріңіз “қаһарман”. Талай жастар осы мектепке шәкірт болып келіп, қанаттанып аттанып жатыр.

Әлі талайы келер...

Мәскеулік М.Богданова,
А.Тоқамбаев, қазақ
ідады. Қын кезең, қын
ашкент, Санкт-Петербург
архивтерінде отырдының салып. Есесіне қызықты
монография туды. Сол жылдары Сіз қолмен көшірген, фотография
түсірген материалдар қазір архивінде.